

Обратите внимание: перевод настоящего документа на русский язык размещен в нижней части документа.

7-қосымша

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын Талаптарға

Ұйымның интернет-ресурсында және (немесе) мобильді қосымшасында орналастырылған ақпарат

Қарыз алушы жеке тұлға болып табылған жағдайда, ол микрокредит беру шарты бойынша міндеттемені орындауда мерзім өткен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ұйымға келуге және (немесе) жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы, және (немесе) микрокредит беру шартында қарастырылған өзге тәсілмен «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өтуінің себептері, табысы және өзге де расталған мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын өтініш беруге құқылы.

Бұл ретте қарыз алушы — жеке тұлғаның өтінішін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде ұйым қарыз алушы — жеке тұлға ұсынған шарт шарттарына өзгерістерді қарайды және қарыз алушыға микрокредит беру шартымен қарастырылған тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы мыналар туралы жазбаша хабарлайды:

- 1) ұсынылған шарт шарттарына өзгерістермен келісу;
- 2) шарт шарттарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныс;
- 3) мотивтелген негіздемесін көрсете отырып шарт шарттарын өзгертуден бас тарту.

Шарт шарттарын өзгертуден бас тарту туралы шешімді алған немесе шарт шарттарын өзгерту бойынша өзара қолайлы шешімге қол жетпеген жағдайда қарыз алушы — жеке тұлға мұндай шешімді алған күннен бастап үш ай ішінде микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Қарыз алушы шарт бойынша төлемдерді, соның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу туралы ұйымның талабын орындамаған, сондай-ақ Заңның 9-2-бабының 2-тармағымен қарастырылған құқықтарды жүзеге асырмаған не шарт шарттарын өзгерту бойынша қарыз алушы — жеке тұлға мен ұйым арасында келісімге қол жетпеген жағдайда ұйым қарыз алушыға қатысты ҚР заңнамасымен және (немесе) Шартпен қарастырылған шараларды қолдануға, оның ішінде берешекті коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беруге (Шартта мұндай ұйым құқығы болған жағдайда), Заңның 9-1-бабының 5-тармағында көрсетілген тұлғаға Шарт бойынша талап ету құқығын (талапты) беруге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке соттан тыс тәртіпте, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, не сот тәртібінде өндіріп алуды жүргізуге құқылы.

Ұйым Заңның 9-2-бабының 1-1-тармақшасы және (немесе) 2-тармақшасында қарастырылған шарт шарттарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті мынадай жеке тұлға — қарыз алушы берген кезде кемінде үш ай мерзімге ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдайды:

- 1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын;
- 2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлар салдарынан зардап шеккен.

Заңның 9-2-бабы 3-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген қарыз алушы — жеке тұлғамен жасалған шарт бойынша ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім өтініш айынан бұрынғы он екі айда есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда өтініш айынан бұрынғы екі айда есептелген орташа айлық табысы отыз пайыздан астамға төмендеген немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда қабылданады.

Ұйымның интернет-ресурсы мен мобильді қосымшасында орналастыруға арналған ақпарат (Талаптардың 7-қосымшасы, АРРФР № 92 қаулысы)

Информация, размещённая на интернет-ресурсе и (или) в мобильном приложении организации

В случае если заёмщик является физическим лицом, он вправе в течение тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору о предоставлении микрокредита посетить организацию и (или) в письменной форме и (или) через цифровые объекты, и (или) иным способом, предусмотренным договором, подать заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки, доходах и других подтверждённых обстоятельствах, в соответствии с пунктом 2 статьи 9-2 Закона РК «О микрофинансовой деятельности» (далее — Закон).

При этом в течение пятнадцати календарных дней после дня получения заявления заёмщика — физического лица организация рассматривает предложенные изменения в условия Договора и письменно сообщает заёмщику способом, предусмотренным договором, а также через цифровые объекты, о (об):

- 1) согласия с предложенными изменениями в условия Договора;
- 2) встречном предложении по изменению условий Договора;
- 3) отказе в изменении условий Договора с указанием мотивированного обоснования причин такого отказа.

В случае получения решения об отказе в изменении условий Договора или при недостижении взаимоприемлемого решения заёмщик — физическое лицо вправе в течение трёх месяцев со дня получения такого решения обратиться к микрофинансовому омбудсману.

В случаях неудовлетворения заёмщиком требования организации о внесении платежей, в том числе просроченной задолженности, а также нереализации прав, предусмотренных пунктом 2 статьи 9-2 Закона, либо отсутствия согласия по изменению условий Договора организация вправе применить меры, предусмотренные законодательством РК и (или) Договором, включая, но не ограничиваясь, передачу задолженности на досудебное взыскание коллекторскому агентству, уступку права требования, обращение в суд, а также обращение взыскания на заложенное имущество во внесудебном или судебном порядке.

Организация принимает решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора на срок не менее трёх месяцев при подаче заявления заёмщиком — физическим лицом:

- 1) относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом РК «О жилищных отношениях»;
- 2) пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения.

Решение о согласии с предложенными изменениями принимается при условии снижения среднемесячного дохода заёмщика, рассчитанного за два месяца, предшествующие месяцу обращения, более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения, либо назначения адресной социальной помощи.

Информация для размещения на интернет-ресурсе и в мобильном приложении организации (Приложение 7 Требования, Постановление АРРФР № 92)